

DOI 10.54596/2958-0048-2025-1-261-270

ӨОЖ 821.512.122

ҒТАМА 17.09.91

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДА ЭТНОХРЕМАТОНИМ ХАҚЫНДА

Қожанұлы М.^{1*}, Жусупбекова Г.Г.²

^{1*}Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті,
Астана, Қазақстан

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
*Хат-хабар үшін автор: m_kozhanuly@mail.ru

Андатпа

Мақалада адамдардың күнделікті тұрмыстарында қолданылатын қажетті бұйымдық заттар атауын ономастикалық этнохремотоним аясында қарастырылады. Автор, материалдық мәдениет зат атауларын хремотоним ретінде қазақ ономастикасында жан-жақты әлі де зерттелмегенін сөз етеді. Хремотоним әлемі сол ортада өмір сүрген адамдардың күн көрісінде не кәсібінде қолданылған тұрмыстық заттар атауларының өзіне тән әр алуан қасиеттері мен ерекшеліктерін сипаттайтын түрлі мағыналық белгілері мен ұғым-түсініктерінің бастапқысы болып табылады. Тіліміздегі тұрмысқа қажетті бұйымдық атау-сөздер қазақ этнонимі, оның ішінде өңірлік ру-тайпалардың қалыптасып, дамуына ықпалы бар екенін нақты мысалдармен дәйектеледі. Қазіргі қоғам өмірінде этнохремотоним деп танылған атау-сөздердің қолданыстағы қызметі мен мағыналық белгілерін анықтаудың жолдарын ғылыми-ақпараттық ресурстарымен бірге, зерттеуші ғалымдар пікірімен негізделіп, ұсынылады.

Мақалада хремотонимді ономастиканың поэтоним аясында (стильдік рені мен эмоционалды-экспрессивтік мәні, т.б.) зерттеу керектігін алға тартады.

Кілт сөздер: ономастикалық термин, хремотоним, этнохремотоним, тұрмысқа қажетті бұйымдар: киім-кешек, құрал-жабдықтар, ыдыс-аяқ.

НЕСКОЛЬКО СЛОВ ОБ ЭТНОХРЕМАТОНИМЕ В КАЗАХСКОЙ ОНОМАСТИКЕ

Кожанулы М.^{1*}, Жусупбекова Г.Г.²

^{1*}Национальный университет обороны Республики Казахстан, Астана, Казахстан

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Казахстан
*Автор для корреспонденции: m_kozhanuly@mail.ru

Аннотация

В статье рассматривается названия предметов, первой необходимости, используемых в повседневной жизни людей, в рамках ономастического этнохремотонима. Автор утверждает, что, хотя названия предметов материальной культуры до сих пор не изучены как хремотоним в казахской ономастике. Мир хремотонимов является одним из основных смысловых признаков и понятий, характеризующих различные присущие ему свойства и особенности наименований предметов быта, применявшихся в быту или профессии людей, живших в этой среде. На конкретных примерах показано, что наименование необходимых изделий-слова, имеют влияние на формирование и развитие казахского этнонима, в том числе региональных племен. В жизни современного общества научно-информационными ресурсами обоснованы и предложены способы определения существующих функций и смысловых признаков именно-слов, признанных этнохремотонимами, с мнением ученых-исследователей, занимающиеся этой проблемой.

В статье считается, что хремотоним следует изучать в рамках поэтонима ономастики (стилистический ритм и эмоционально - выразительная сущность и др.).

Ключевые слова: ономастический термин, хремотоним, этнохремотоним, предметы утвари: одежда, оборудование, посуда.

A FEW WORDS ABOUT THE ETHCHREMATONYME IN KAZAKH ONOMASTICS

Kozhanuly M.^{1*}, Zhussupbekova G.²

^{1*}*National defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan*

²*Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*

*Corresponding author: m_kozhanuly@mail.ru

Abstract

The article considers the names of objects necessities used in people's daily lives within the framework of an onomastic ethnochrematonym. The author claims that, although the names of objects of material culture have not yet been studied in Kazakh onomastics as a noun chrematonym. The world of chrematonyms is one of the main semantic features and concepts characterizing various inherent properties and features of the names of household items used in the everyday life or profession of people who lived in this environment. Concrete examples show that the names of the necessary products are words that have an impact on the formation and development of the Kazakh ethnonym, including regional tribes. In the life of modern society, scientific and information resources have substantiated and proposed ways to determine the existing functions and semantic features of words recognized by ethnochrematonyms, with the opinion of research scientists dealing with this problem.

The article considers that the chrematonym should be studied within the framework of the poetonym of onomastics (stylistic rhythm and emotionally expressive essence, etc.).

Keywords: onomastic term, chrematonym, ethnochrematonym, household items (utensils): clothing, equipment, dishes.

Kіріспе

Отандық тіл білімінде қазақ ономастикасы жан-жақты сөз етілсе де, әлі де шешімін таппаған проблемалар бар. Соның бірі – материалдық мәдениет заттар тобына жататын жалқы есімдер: тұрмыстық киім-кешек, құрал-жабдық, ыдыс-аяқ атаулары.

Ономастиканың зерттеу нысаны - жалқы есімдер. Ономастикалық мектептің өкілдері жалқы есім тобына жататын материалды мәдениет заттар атауларын «хрематоним» (Н.В. Подольская) немесе «ктематоним» (В.Д. Бондалетов) терминімен атауды ұсынса, отандық ономастикалық мектептің өкілдері де хрематоним терминін прагматоним тобына жатқызып: «*Прагматоним* – оним түрі; адамның күнделікті қызмет аясындағы денонат атаулары, соның ішінде тауароним, прагмоним, эргоним, фалероним, хрематоним, порейоним т.б.

Хрематоним - оним түрі; материалды мәдениет заттар атаулары, соның ішінде қару-жарак, музыкалық аспап, зергерлік заттар т.б.» [1; 184], – десе, Н.В. Подольская: «Хрематоним – Вид прагматоним. Собственное имя уникального предмета материальной культуры, произведенного или добытого руками человека, в том числе название оружия, музыкального инструмента, ювелирного изделия, предмета утвари, драгоценного камня» [2; 146],- деп, (*астын сызған-біз*) хрематоним терминін нақтылай түскенін көреміз.

Отандық және шетелдік ономастикалық мектептің өкілдері хрематоним термині төңірегінде ортақ тұжырымның жоқтығын ресейлік ғалым В.Д. Бондалетов [3; 8] және чехия ғалымы М. Гарвалик [4; 5-13] алға тартса да, берілген анықтамаларда айтарлықтай айырмашылық жоқтығын байқаймыз. Біздіңше, «*хрематоним*» термині (*астын сызған-біз*) туралы ортақ ұғымның қалыптаспауы, арнайы тұрмыстық заттар атауларын оним (жалқы есім) ретінде зерттелмеуінде жатса керек.

Зерттеу нысанамызға орай, жекеленген ономастикалық мектептер өкілдерінің пікірлері негізінде хрематонимге берілген анықтамадағы «предмет утвари» сөзін қазақ тілінде «тұрмысқа қажетті бұйымдар» деп алынды.

Қазақ тіл білімінде «тұрмысқа қажетті бұйымдар» тобына тән зат атаулары жалқы есімдер арқылы берілетінін ескерсек, ру-тайпа аттарының қатысуымен жасалған күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдық атау-сөздерді *хрематоним* аясында іштей: *киім-кешек, құрал-жабдық және ыдыс-аяқ* атауы түрінде жеке-жеке алып қарастыруды орынды деп санадық. Отандық және шетелдік ономастика саласында хрематоним тобын топонимдер немесе антропонимдер сияқты дәстүрлі, жүйелі түрде әлі де жан-жақты зерттелмегені, тіпті, қазақ ономастикасында кейбір жекеленген мақалалар болмаса, арнайы зерттеулер жоқтың қасы екені белгілі. Нақты айтқанда, тұрмысқа қажетті бұйымдар атаулары, сол ортада адамдардың күн көрісінде не кәсібінде қолданылған тұрмыстық заттар атауларының өзіне тән әр алуан қасиеттері мен ерекшеліктерін сипаттайтын түрлі мағыналық белгілері мен ұғым-түсініктерінің (жасалуы, қолдануы, қызметі, пішіні, т.б.) алғашқысы болып табылады.

Зерттеудің **мақсаты** мен алға қойған **міндетті** орындауда «тұрмысқа қажетті бұйымдар» тобына жатқызған материалдық заттар атауларынан байқағанымыз: олардың, яғни заттың нақты неден жасалғандығы және белгісі; атаудың жалпы ұғыммен (затпен) арақатынасы; заттың өзіне тән жеке атауы; заттын/атаудың белгілі бір объекті не субъектіге қатысы, ұқсастығы (*мыс.: үй, мал, егін шаруашылығы, басқа да қолөнер түрлеріне қатысы*); заттын/атаудың тілдегі қолданысы (*жаңа мағынаға ие болуы немесе сөздік құрамнан шығуы, стилистикалық реңі, эмоционалды-экспрессивтік мәні, т.б.*), сөйтіп, қоршаған ортаның ішкі-сыртқы факторлардың әсерімен байланыстыра қойылып, уақыт өте келе географиялық объектіге айналғаны. Бір сөзбен айтқанда, хрематонимге тән жалқы есімдер адамның күнделікті қызметі аясындағы атауларды білдіріп қана қоймай, оны анықтауда біз байқаған белгілер/компоненттер қазақтың ру-тайпа аттарының дамуына да ықпал еткенін және зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Жұмысты зерделеуде жинақталған материалды «хрематоним» тобына топтауда, біз анықтаған заттық-атаудағы шартты (*астын сызған-біз*) белгілер, ресейлік ғалым Д.И. Ермоловичтің [5; 67-79] хрематоним мағынасын анықтауда іштей бес компонентке бөліп қарастыруымен астасып жатқанын байқауға болады.

Зерттеу барысында қазақтың ру-тайпа, тіпті, ататектері құрамында кездесетін материалдық мәдени заттардың орны туралы Ж. Манкеева: «тілді танымдық, мұрагерлік қызметі негізінде сан ғасыр құпиясын бойына сақтаған этнотілдік деректерді сан ұрпақ ана тіліміздің қорына мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын қазына, адамзат тарихының қоймасы» [6; 91],- десе, қазақ ономастикасының абыз-ақсақалы, Т. Жанұзақ: «Этнонимдер әрбір дәуірдегі қоғамның даму барысын, оның идеологиялық жағдаяттарының тарихи көрінісін, тілдік негізін білдіріп отыратын құнды материал болып табылады» [7; 451],- деп жазады.

Жинақталған материалдардан күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар атаулары негізінде қойылған өңірлік этнонимдерге (*бұдан әрі-КЖ этнонимі*) тән этнохрематонимге тоқталу және оның мағыналық белгілерін анықтау – **зерттеудің мақсаты** болып табылады.

Зерттеудің **материалдары мен әдістері**: қазақ ономастикасында «хрематонимді» қарастыруда (*астын сызған-біз*) дереккөздері ретінде «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиялар (2011-2014) (*одан әрі-ЭЭ*), «Қазақтың ру-тайпа аттары (этнонимдер)», Сөздіктер және басқа

да ғылыми-ақпараттық ресурстар қолданылды. Зерттеуде қолданылған деректер көздерінен тұрмыстық бұйым атауларымен қойылған ру аттары - материалдық мәдениеттің және тарихи фактілердің бірі, әрі түркі халықтарының тарихы мен мәдениетімен де байланысты екенін көреміз. Сондықтан олар туыстас түркі халықтары тұрмыстық бұйымдарының ұқсастығымен, кейде ерекшелігімен дараланып, сабақтасып қана қоймай, ортақ, дәстүрлі құндылықтар екенін де аңғару қиын емес. Мақалада КШ этнохрематонимінің мағыналық белгілерін нақтылауда отандық және шетелдік ғалымдар пікірлеріне сүйеніп, С. Мұқанов, Ө. Жәнібеков, Ө. Марғұлан, Т. Жанұзақов т.б. ғалымдардың еңбектері мен көзқарастары назарға алынды.

Жұмысты зерделеуде этнохрематонимнің өзіндік ерекшеліктері мен оның мағынасына тән алғашқы себептерін анықтап, нақтылауда сипаттамалық және лексикографиялық әдістеріне көңіл бөліп, салыстыру, бақылау, талдау, т.б. әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі мен талқылануы: Қазақтың көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылықпен күн кешкен адамдарының күнделікті қолданылған киім-кешегі, құрал-жабдығы және ыдыс-аяғы, һәм заттық-тұрмыстық бұйым атаулары – қазақтың материалдық/материалдық емес және рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі. Сондықтан олардың қандай екені, неден жасалғаны туралы құнды мәліметтер араб-парсы-қытай жазба деректерінде және археологиялық қазбалардан белгілі. Нақты айтқанда, тарихи, археологиялық, этнологиялық деректерінен заттық-тұрмыстық атаулары қоғамның әртүрлі мәдени-әлеуметтік топтарына қарай бейімделгенін көреміз. Соның бірегейі, талқылануға арқау болған КШ этнонимі құрамындағы тұрмыстық бұйым атаулары (этнохрематонимдер) – қазақ халқының жеке дара ұлт ретіндегі өзіндік ерекшелігін бейнелейтін, мәдени-рухани шежіресі және сол өңірде мекендеген этностың басынан өткен тарихын жинақтап, сақталуына маңызды рөл атқарған тарихи-танымдық деректердің бірі.

Кейбір зерттеу деректерінде, қазақтың аса бай тарихи және мәдени-рухани мұрасы – материалдық мәдениет заттар тобына жататын заттық-тұрмыстық бұйымдар (хрематоним) атаулары жөнінде әртүрлі пікірлердің болуы, біріншіден, олардың өн бойындағы белгілі бір ұлт пен ұлыстың, тайпа мен рудың пайда болуы және даму тарихы жан-жақты зерттелмеуінде, екіншіден, халықтың жинақталған тәжірибесі мен дәстүрі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, т.б. ұлттық ерекшеліктерінде, үшіншіден, табиғат пен адамдардың қарым-қатынасына (логосфера) негізделуінде жатуы мүмкін деп ойлаймыз.

Материалды зерделеуде, өңірлік КЖ этнонимі құрамындағы *киім-кешек* (мысалы, *киім үлгісі - материалдық емес мәдениет*), *құрал-жабдық*, *ыдыс-аяқ* атау-сөздерді хрематоним тобына жатқызып, тарихи-танымдық тұрғыдан қарастырылды.

А. Киім-кешек атауына қойылған ру аттары:

Күнделікті өмірімізде жиі аталатын *киім-кешек* сөзі туралы: «**Киім-кешек** – қазақы ортада киімнің барлық түрлерінің ежелден қалыптасқан ортақ атауы» [8; 142], - делінсе, қазақтың киім-кешегі туралы мемлекет және қоғам қайраткері Ө. Жәнібеков: «Қазақтың киім-кешегі айналадағы ортаның, оның үскірік аязы мен аңызак желінің әсерімен, бар өмірі көлік үстінде өткен көшпелі қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей күн көрген диханның іс-қарекетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениеттің көрінісі» [9; 56], - деп, қазақтың өткен өміріндегі киіну мәдениетін орынды атап көрсетеді. Сонымен:

Бөрік (*Ақбөрік, Қарабөрік* - Жетіру, ... Шөмішті бұт.; Қоңырбөрік - Байұлы, Тоқберлі бұт.; Қызылбөрік - Байұлы, Алаша тарм.*) сөзі туралы: «Елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киім. ...Бөрікті ер адамдар да, қыздар да киеді» [10; 74], - деген жолдардан қазақи бөріктің қандай материалдан жасалатынын, жасалуына қарай әр алуан түрлерін, сыртқы пішінін және кімдерге тән екенін, т.б. мағыналық белгілерін таба аламыз.

Қалпақ (*Қалпақ - Байұлы, ...Бөлі тарм.; Алақалпақ - Жетіру, ...Сирақты бұт.*) сөзіне берілген анықтамадан [8; 543] және жазушы-ғалым Ө. Жәнібеков [9; 59] зерттеуінде *қалпақ* ұлттық баскиімнің түрі екенін, оның қандай материалдан жасалатынын және ертеде қазақтар қалпақтың астына тақия кигенін жазады. Бұл күнде қарттар, ересек адамдар, тіпті, жастар арасында кез келген баскиім (қалпақ) астына тақия кию мәдениеті сақталған үрдіс екенін байқаймыз.

Қазақтың бас киімдері туралы академик-жазушы С. Мұқанов: «Қазақ халқының бас киімдері *бөрік* (курсив-біздікі), тымақ, құлақшын, жалбағай, делбегей деп аталады. Іші елтіріден немесе аң терісінен жасалатын, матамен тысталатын бөрік – жаздың киімі. Түлкінің пұшпағынан жасалатын бөрікті арқада «тақия» дейді. Әйелдердің жеңіл, үкілі, сәнді тақия үлгісі қазаққа татардан келген ұқсайды. Семей облысындағы, әсіресе тобықты руындағы қазақтар орнына «жекей» аталатын елтірі тымақ киген» [11; 134], - деп жазғандай, қазақтар бұрын да, бүгін де теріні, жүнді т.б. пайдалана отырып, ұлттық нақышта киім-кешектің, баскиімнің кейбір түрлері киізден жасалып, сырты матамен тысталып отырғанын, жоғарыдағы пікірден және киім-кешек атауларына қатысты зерттеуге алынған материал деректерінен аңғарамыз.

Осы жерде ескеретін нәрсе: киім материалдық мәдениеттің бір бөлігі болса, алайда, белгілі бір қажеттілік үшін киім кию орнына қарай, кейде материалдық емес мәдениетті де көрсетеді. Оған өңірдегі **Балақ** сөзінің қатысуымен жасалған ру атын жатқызуға болады.

Тіліміздегі **Балақ** (*Ақбалақ - Жетіру, ... Қоса бұт.*) сөзі туралы: «Шалбардың, дамбалдың тізеден төменгі жағы, аузы» [10; 72], - деп берілсе, жазушы Ө. Жәнібеков [9; 59] қазақи киімге қатысты зерттеуінде ертеде *балағы* жырық кең шалбарды кімдер кигенін, қолдану орнын алға тартып, нақтылағанын көреміз.

Иә, бір кездегі әрдайым ат үстінде жүрген адамдардың киген шалбарының *балағы* кең болғаны, яғни көшпенділердің киіну үлгісі (балағы жырық кең шалбар) уақыт талабына сай дамып, өзгеріп, 80-90 жылдары жастар арасында балағы кең шалбарды кию сәні (моды) болса, ал қазір бұл киіну сәні ХХІ-ғасырда қайталануда.

Жоғарыда аталған киім-кешек атауының мағынасынан мынадай ортақ белгілер/компоненттерді: 1-ден, неден/қандай материалдан жасалатынын; 2-ден, өзіне тән жекелігін; 3-ден, олардың қолдану орны мен түрлерін; 4-ден, оған берілген сипаттамасын (кейде материалдық емес мәдениетті); 5-ден, тілдегі қолданысын және шығу төркінін (мыс.: кос сөз түріндегі *киім-кешек* сөзінің екінші компонентіндегі *кешек* сөзі *киім, әртүрлі киім немесе «киім+киім»* мәнін білдіретіні белгілі), т.б. ерекшеліктерін анықтауға болады. Талдауға негіз болған киім-кешек тобындағы бір ғана *қалпақ* сөзінің мағыналық белгілерінен оның сыртқы пішініне, ұқсастығына қарай, *қалпақ* ру атын о баста үнемі қалпақ киіп жүретін сәнқой адамға теңеу мәнінде немесе қалпаққа ұқсас төбесі шошақ дөңгелек жерде мекендеген ру атына қойылуы мүмкін деген ойға итермелейді.

* Ескерту: зерттеу материалдарына негіз болған Кіші жүз этнонимдері «Қазақтың ру-тайпа аттары (этнонимдер)» сөздігінен (Нұр-Сұлтан, 2021) алынды.

Жалпы киім-кешек атауына тән белгілерді жинақтасақ, қоғам қайраткері Ө. Жәнібеков: «...Киіміне қарап, жұрт өздерінікін бөгделерден ажырататын болған. Адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай шектелетіні болмаса, түр-түсі, пішімі жағынан қазақтың киім-кешегі әлеуметтік топтардың бәріне бірдей» [9; 56], - деп жазғандай, қазақтың киім-кешегі қоғамның талабына сай дамып, өзгерсе де киіну мәдениетінің жалпы сипаты, мағыналық белгілері бірдей дегенге келіп саяды.

Б. Құрал-жабдық атауына қойылған ру аттары:

Тіліміздегі *құрал*, *құрал-жабдық* ұғымы туралы: «**Құрал** – адам әрекеттерінің жүзеге асыру үшін қажетті аспап, сайман. Құралдардың түрлері мен құрылымы, атқаратын қызметі адам харекеттерінің күрделілігімен, еңбектің салалық түрлерімен анықталады, өйткені әрбір құрал, аспап әрбір халықтың тұрмыс-салтындағы ерекшеліктерімен байланысты қалыптасады» [12; 99-100], - деп жазғандай, адамзат баласы қай дәуірде болмасын өзі өмір сүрген кезеңіне лайықты күнделікті тіршілігіне қажетті құрал-жабдықтарды жасап, қолданылуы арқылы тарихи және ұлттық болмысымызды көрсететін нақты дәлелдің бірі екенін көреміз. Сонымен:

Арба (Арбалы - Жетіру, ...Шанжаұлы//Шаужайлы тарм.) сөзі туралы: «Арба - ертеде әскери көлік ретінде қолданылған, кейін жол жүруге, жүк тасуға, сондай-ақ уақытша жылжымалы тұрғынжай ретінде пайдалануға арналған көне көлік түрі. Олар б.з.б. III-мыңжылдықтың ақырында, тіпті одан да бұрын қолданылған...» [13; 30], - деген жолдардан *арба* алғаш рет әскери көлік, әрі қатынас құралы ретінде қолданылғанын көреміз.

Осы орайда, академик Ә. Марғұлан [14; 62-63] *арба* алғаш рет әскери олжаны тиеу мақсатында жасалған құралы болғанын және бүгінгі қазақ халқының құрамындағы қаңлы руының шығуын о баста арбаны жасаған адамның атымен аталғаны туралы аңыз-әңгімені алға тартады. Жоғарыдағы ғалым пікірін, академик Ә. Қайдаров та [15; 34-47] қолдайды. Сонымен, *арба* сөзіне қатысты деректерден, оның мағыналық белгілерінен: 1-ден, ағаштан жасалғаны, сыртқы пішіні; 2-ден, алғашқы да әскери көлік ретінде, кейін жол жүру мен жүк тасу үшін; 3-ден, жылжымалы тұрғынжай ретінде; 4-ден, сөздің о бастағы ұғымымен арақатысы; 5-ден, жекелігі; 6-дан, тілдік қолдану аясы мен шығу төркінін, тарихын қазіргі туыстас кейбір түркі тілдерімен бірге, түркі тілдеріне туыс емес араб, парсы т.б. тілдер арқылы анықтауға болады.

Балға (Балғалы - Жетіру, Рамадан тарм.) сөзінің анықтамасынан [10; 88] оның мағынасы мен атқаратын қызметін, сыртқы пішіні, неден жасалатыны туралы мәліметтерді көреміз.

Балта (Балта - Әлімұлы, Әжібай би бұт.; Жетіру, ... Малжан тарм.; Балталы - Әлімұлы, ...Бердіңқұл бұт.; Айбалта, Жанбалта, Ақбалта - Әлімұлы, ...Баймұрат бұт.-ры) сөзінен [10; 88] оның үй тұрмысында және қару-жарақ түрінде қолданылатын жалпы мағыналық белгілерін аңғарамыз.

Қалақ (Қалақ - Әлімұлы, ... Есқара тарм.; Әлімұлы, ... Бекет бұт.) сөзіне берілген жолдардан [10; 93] күнделікті үй тұрмысындағы жиі қолданылатын *қалақтың* неден жасалатыны мен түрлері, қызметі туралы мәліметтерді байқауға болады.

Орақ (Орақ - Әлімұлы, ... Айт бұт.) сөзіне қатысты ғылыми-ақпараттан [10; 96] оның мағынасын, тарихын, түрлерін аңғарсақ, зерттеуші Ө. Жәнібеков [9; 41] оның шаруашылықта қолдану орны мен мағынасын анықтауда даралық ерекшелігін нақтылайды.

Сабау (Сабау - Жетіру, Жағалбайлы тарм.) сөзіне: «Сабау – жүн сабауға арналған ағаш құрал. Сабау тобылғы, жыңғыл, тал сияқты ағаштардың шыбығынан жасалады.

Оның ұзындығы 100-120 см, жуандығы бір елі көлеміндей болатын тал немесе тобылғы шыбығын кесіп алып, қабығынан тазартып, екі ұшын тұжырып жасайды. Қолға ұстайтын жағының қабығы аршылмайды және сәл жуандау болады» [16; 120], - деген жолдардағы *сабау* сөзіне тән сипаттамасынан мағыналық бірліктерін көреміз.

Зерттеу аясында құрал-жабдықтар тобына жатқызылған атау-сөздерге жеке-жеке тоқталмай, бір ғана *сабау* сөзінің мағыналық белгілерінен: 1-ден, оны неден жасалатыны; 2-ден, не үшін қажеттілігі, қолдану орны; 3-ден, даралығы; 4-ден, шамамен ұзындығы; 5-ден, тілімізде «ұру» мәнінде екеніне көз жеткізілді. Жоғарыдағы аталған *сабау* сөзінің мағыналық белгілері негізінде оның рулық мәнге ие болуы, сол ру адамының сыртқы пішініне (бойының ұзындығы, арықтығы, т.б.) қарап, ұқсатып қойылуы мүмкін.

Бұл топта алынған *балға, балта, қалақ, орақ, сабау* сөздерінің мағыналық бірліктеріне қатысты түрлі ғылыми-ақпараттық ресурстары деректерінен олардың жинақталған халықтық тәжірибемен, қалыптасқан дәстүрімен, тұрмыс-салтымен, биік талғамымен жасағанын көреміз.

В. Ыдыс-аяқ атауына қойылған ру аттары:

Адамдар сонау ерте заманнан-ақ күнделікті тұрмыстық бұйымдарға, оның ішінде ыдыс-аяқ түрлеріне, оның жасалуына ерекше мән берген. Уақыт өте келе, кешегі ағаштан, теріден, саз балшықтан, темірден, күмістен жасалған ыдыс-аяқ түрлері бүгінде заман талабына сай дамып, оның озық үлгілері пайда болды. Сондықтан тіліміздегі *ыдыс, ыдыс-аяқ* ұғымын күнделікті үй тұрмысында қолданылатын барлық жабдықтардың ортақ атауы деп білеміз.

Бұл жерде жұмыс көлеміне қарай, ыдыс-аяқ атауларын (тамақ дайындайтын, қабылдайтын және сақтайтын) қолдану жағдайына, неден жасалғанына қарай топтауды мақсат етпедік. Сонымен:

Мес (Мес - Байұлы, ...Қожамжар бұт.) сөзіне берілген анықтамадан [10; 118] *мес* сөзінің мағынасын, неден жасалатынын және неге арналғанын анық көреміз.

Ожау (Ожау - Байұлы, ...Шегем бұт.) сөзі туралы: «Ожау - сұйықтық құюға арналып жасалған, басы шұңғыл келген сабы бар бұйым. Ожау жасалған материалына қарай *ағаш ожау, мүйіз ожау, темір ожау* т.б. түрге бөлінеді. Сабына қарай ұзын сапты, қысқа сапты болып келген. ... Ожау қатты ағаштан жасалған» [12; 542], - деген жолдардан *ожау* сөзінің сипаттамалық мағына бірліктерін аңғарамыз.

Табақ (Айтабақ - Жетіру, ...Қожымбет бұт.) сөзіне берілген анықтамадан [16; 311] оның мағынасын, пішінін және қандай материалдан жасалатынын нақтылағанын байқауға болады.

Шөміш (Шөміш - Жетіру, Рамадан тарм.) сөзі туралы: «Шөміш – ағаштан, темірден сұйықтық құюға арналып жасалған, шұңғыл басы, ұзын сабы бар бұйым» [16; 721], - деп, оның мағынасын, пішінін және қандай материалдан жасалатынын нақтылай түседі.

Қолданылған ғылыми-ақпараттық ресурстардың көмегімен талқылануға алынған *мес, ожау, табақ, шөміш* сөздерінің мағыналық белгілерін айқындап нақтылауда, олардың түркі халықтарына ортақ белгілерімен қатар, ұлттық ерекшеліктерін байқаймыз.

Жоғарыда пайдаланылған тарихи деректері мен мәліметтері негізінде ыдыс-аяқ тобындағы бір ғана *мес* сөзінің мағынасының мынадай белгілері/компоненттерінен: 1-ден, оны қалай жасаудың технологиясы; 2-ден, теріден (ешкі, бұзау терісі) жасалған ыдыс; 3-ден, сусын (сүт) тағамдарын құятын ыдыс; 4-ден, жекелігі; 5-ден, ертеде мал,

егін шаруашылығы, көші-қон, жолаушылар үшін сусын құйып алып жүруге ыңғайлы ыдыс; 6-дан, тілімізде «толу, жинау» мәнінде екенін анықтадық. Сондай-ақ, тіліміздегі «мес қарын» тіркесі «тамақты көп ішетін адам», «толық» мағыналық белгісімен бірге, жоғарыдағы *мес* сөзіне берілген мағыналық белгілерінен ру аты адамның сыртқы пішініне, шамадан тыс толықтығына немесе жердің сыртқы формасын меске теңеу арқылы қарап қойылуы әбден мүмкін.

Зерттеуге алынған киім-кешек, ыдыс-аяқ, құрал-жабдықтар атаулары негізінен күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар болғандықтан, қоғамда олар осы бағытта адам баласына қызмет атқарып келе жатқаны баршаға белгілі. Сондықтан кейбір зерттеушілер талқылануға алынған материалдарды нақтылауда тарихи деректер мен мәліметтерге сүйеніп, олардың мағыналық белгілерін айқындауда, өз ғылыми-тұжырымдарын білдіргенін байқаймыз. Сондай-ақ, оларға қолөнер шеберлерінің үлесі тағы бар екенін ескерсек (мыс.: *зергер, тігінші, етікші, кестемші т.б.*), дүние жүзі халықтары сияқты, қазақ халқы да құрал-жабдықтарды өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қарай бейімделе жасап, қолданылғаны белгілі. Уақыт өте келе, ғылым мен техниканың жетістігі арқасында олардың атаулары да өзгеріп, дамып, жаңаша мәнге, елеулі өзгерістерге ие болса, енді бір тобы көнеріп қолданыстан шығып қалуын - заңдылық деп қараған орынды. Осы тұрғыдан келгенде, материалдық/материалдық емес мәдениетті насихаттауда отандық және әлемдік деңгейде түрлі көрмелердің ұйымдастырылуы, сондай-ақ Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының өткізілуі соның бір көрінісі десек артық айтқанымыз емес.

Ақпарат ретінде: зерттеу барысында, тұрмысқа қажетті *киім-кешек, құрал-жабдық және ыдыс-аяқ* атау-сөздерінің негізінде жасалған КШ ру аттары құрамындағы этнохремотонимдердің мағыналық белгілері мен ұғым-түсініктерін анықтауда (мысалы, ауыспалы мағынада жұмсалуды, бірігіп не тіркесіп келуі арқылы жаңа мәнге ие болуы, сөз тудырушы аффикстер арқылы жаңа сөздер жасалуы, теңеу категориясы т.б.), тіліміздегі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер де өз ықпалын тигізетіні сөзсіз (мысалы, «*Мес қарын – тамақты көп ішетін, жуан қарын* [17; 593]» деп, «*мес қарын*» тіркесін – адамның толықтығын меске.; «*Орақ мұрын (тұмсық) – ортасы дөңестеу имектеу келген үлкен мұрын* [18; 419]» деп, «*орақ мұрын*» тіркесін – мұрынның сыртқы пішінін ораққа.; «*Қалақ бас – қалақ сияқты жалпақтау болып келген бас* [17; 461]» деп, «*қалақ бас*» тіркесін - адамның басын қалаққа теңеу мәнінде т.б.). Бұл тұрғыдан келгенде, хремотонимді поэтоним аясында (мысалы, стильдік реңі мен эмоциональды-экспрессивті мәні, т.б.) зерттеу – алдағы міндеттердің бірі.

Қорытынды

Қорыта келгенде, КШ этнонимі (ру-тайпа) арқылы жасалған этнохремотонимдердің мағыналық белгілерін/бірліктерін анықтау арқылы қазақ этнонимдерінің пайда болуы, дамуы мен қалыптасу тарихына да көз жеткізуге болады.

Зерттеу нәтижесінде КШ этнонимі құрамындағы адамдардың күнделікті «тұрмысқа қажетті бұйымдар» (предмет утвари) атау-сөздердің (барлығы: 22 этнохремотоним) бары анықталды. Бұл процесті Ұлы және Орта жүз рулары құрамында кездесетінін айтпағанда, бір ғана өңірлік этнохремотоним көрінісі және оның басқа да туыстас түркі халықтарында (мыс: *Балға - башқ.; Балта - қырғ.; Шөмішті - өзб., ққалт., т.б.*) кездесуі заңдылық, әрі ортақ құбылыс деп қараған жөн. Олай болса, «тұрмысқа қажетті бұйымдар» атауының негізгі өлшемі – сөз, жалқы есім болса, оның кез келген мағынасының шығу төркінін, тарихын қазіргі кейбір түркі тілдерімен салыстыра отырып, этнохремотоним деп танылған атау-сөздердің мағыналық белгілерін, олардың

әдіс-тәсілдерін, жолдарын, бір сөзбен алғанда, қазақ ономастикасында хремотонимді жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті проблемалардың бірі демекпіз.

Әдебиет:

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. - Астана, 2005. - 240 б.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-е изд., перераб. и доп. Отв. ред. д.ф.н., А.В. Суперанская. - М., 1988. - 192 с.
3. Бондалетов В.Д. Русская ономастика: Учеб. пособие для студентов пединст.-ов по спец. №2102 «Рус. яз и лит.». - М.: Просвещение, 1983. - 224 с.
4. Гарвалик М. К вопросу о современной ономастической терминологии // Вопросы ономастики. - №4, 2007. - с. 5-13.
5. Ермолович Д.И. Имена собственные: теория и практика теория и практика межъязыковой передачи. - М.: Р. Валент, 2005. - 416 с.
6. Манкеева Ж.Қ. Жұбановтың ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында // «Жұбанов тағылымы» VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Ақтобе, 2005. - 90-93 бб.
7. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. - А.: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3 т. К-Қ. Ғыл. ред. Н. Әлімбаев. - А., 2012. - 736 б.
9. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - А., 1992. - 192 б.
10. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - А., 1997. - 368 б.
11. Мұқанов С. Қазақ қауымы: (Тарихтық және этнографиялық шолу). - А.: Ана тілі, 1995. - 304 б.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4 т. Қ-О. Ғыл. ред. Н. Әлімбаев. - А., 2013. - 736 б.
13. «Айбын» энциклопедиясы/Бас ред. Б.Ө. Жакып. - А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.
14. Марғұлан Ө. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар... / Құраст. Р. Бердібаев. - А.: Жазушы, 1985. - 368 б., порт.
15. Кайдаров А.Т. К историко-лингвистической характеристика этнонима канглы/қаңлы. // В сб.: Тюркская ономастика (Редкол.: А.Т. Кайдаров и др.) - А-Ата: Наука, 1984. - 248 с.
16. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5 т. Ө-Я. Ғыл. ред. Н. Әлімбаев. - А., 2014. - 840 б.
17. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзаков. - А., 2008. - 968 б.
18. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - А.: Ғылым, 1977. - 712 б.

References:

1. Madieva G.B., Imanberdieva S.Q. Onomastika: zertteu maseleleri. - Astana, 2005. - 240 p.
2. Podolskaia N.V. Slovar russkoi onomasticheskoi terminologi. 2-e izd., pererab. i dop. Отв. ред. д.ф.н., А.В. Суперанская. - М., 1988. - 192 s.
3. Bondaletov V.D. Russkaia onomastika: Ucheb. posobie dlia studentov pedinst.-ov po spec. №2102 «Rus. yaz i lit.». - M.: Prosveshenie, 1983. - 224 s.
4. Garvalik M. K vopocu o sovremennoi onomasticheskoi terminologi // Vopocy onomastiki. - №4, 2007. - s. 5-13.
5. Ermolovich D.I. Imena sobstvennye: teoria i praktika mejazykovoi peredachi. - M.: R. Valent, 2005. - 416 s.
6. Mankeeva J.Q. Jubanovtyn gylimi muralarynyn akademialyq tanymy haqynda//«Jubanov tagylymy» VI Halyqaralyq gylimi –teorialyq konferenciya materialary. - Aqtobe, 2005. - 90-93 pp.
7. Januzaq T. Qazaq onomastikasy. Ataular syry 3. - A.: Daik-Press, 2007. - 524 p.
8. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı jueci. Enpciklopedia. 3 t. K-Q. Gyl. red. N. Alimai. - A., 2012. - 736 p.
9. Janibekov Ö. Uaqyt kerueni. - A., 1992. - 192 p.
10. Quraluly A. Qazaq dastuplı madenietinn enpciklopedialyq sözdıgı. - A., 1997. - 368 p.
11. Muqanov S. Qazaq qauymy (Tarichtyq jane etnografialyq sholu). - A., 1995. - 304 p.
12. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı jueci. Enpciklopedia. 4 t. Q-O. Gyl. red. N. Alimai. - A., 2013. - 736 p.
13. «Aıbyn» enpciklopediasy // Bas red. B.Ö. Jaqyp. - A.: «Qazaq enpciklopediasy», 2011. - 880 p.

14. Margulan A. Ejelgi jyr, anyzdar: Gylymi-zertteu maqalalar... / Qurast. R. Berdibaev. - A.: Jazushy, 1985. - 368 p., port.
15. Kaidarov A.T. K istoriko-lingvisticheskoi harakteristika etnonima kangly/qanly // V sb.: Turkskia onomastika (Redkol.: A.T. Kaidarov i dr.) - A-Ata: Nauka, 1984. - 248 s.
16. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturly juıecı. Enpciklopedia. 5 t. Ö -IA. Gyl. red. N. Alımaı. - A., 2014. - 840 p.
17. Qazaq tilinın tusındırme sözdıgı // Jalpy red. basq. T. Januzaqov - A., 2008. - 968 p.
18. Kenesbaev I. Qazaq tilinın frazeologialyq sözdıgı. - A.: Gylym, 1977. - 712 p.

Information about the authors:

Kozhanuly Manasbay – corresponding author, professor National defense University of the Republic of Kazakhstan, candidate of philological sciences, Astana, Kazakstan; e-mail: m_kozhanuly@mail.ru;

Gulsara Zhussupbekova – Associate Professor at the Department of Social and Age Pedagogy, PhD, Sh. Ualikhanov Kokshetau University; e-mail: g.g.zhussupbek@shokan.edu.kz.